

## 7M01501-Математика

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Математиканы оқытуда теориялық білімді меңгеру талаптарына сай мәдени және кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқан бәсекеге қабілетті педагогика ғылымдарының магистрін дайындау.

### 1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

<b>Білім беру бағдарламасының түрі</b>	ағымдағы
<b>Білім беру бағдарламасының атауы</b>	7M01501-Математика
<b>Білім беру саласы</b>	7M01 Педагогикалық ғылымдар
<b>Даярлау бағыты</b>	7M015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
<b>Білім беру бағдарламасының тобы</b>	M010 Математика педагогтерін даярлау
<b>Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы</b>	Білім беру бағдарламасы 7M01501-Математика мамандарды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті «27» қыркүйек 2019 ж. берген № KZ04LAA00017104 лицензия негізінде іске асырылады.
<b>БББ Тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні</b>	Тіркеу нөмірі – 7M01500070 Тізілімде тіркеудің күні – 05.08.2019 БББ төлқұжатын жаңарту күні – 07.07.2022
<b>БББ-на оқуға түсу бойынша кәсіби пәндер</b>	Математика Математиканы оқыту әдістемесі
<b>ҰБШ бойынша деңгейі</b>	Магистратура, 7-деңгей
<b>Берілетін дәреже</b>	Магистр
<b>Білім беру бағдарламасын аккредиттеу</b>	НААР, куәлік №1 04.04.2020 г.
<b>Білім беру бағдарламасының рейтингі</b>	НААР 2021 жыл – 1-орын 8-ң ішінде 2022 жыл – 2-орын 6-ң ішінде
<b>Жалпы академиялық кредит саны</b>	120
<b>Оқу мерзімі</b>	2 жыл

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

#### **Бағдары:**

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

#### **Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

**Бағдарламалық мақсаты:**

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

**Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

**Университет түлегінің атрибуттары:**

**ТА 1** Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.

**ТА 2** Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.

**ТА 3** Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.

**ТА 4** Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.

**ТА 5** Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.

**ТА 6** Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

**1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ**

7M01501-Математика білім беру бағдарламасы осы бағыт бойынша қазіргі заманғы отандық және әлемдік дайындық тәжірибесін, авторлық және ұжымдық ғылыми жетістіктерді және мамандану саласындағы оқу-әдістемелік кешендерді, жұмыс берушілердің талаптарын және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген.

**1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

«7M01501-Математика» білім беру бағдарламасы аймақтық еңбек нарығының қажеттілігін, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құжаттарының талаптарын, "Педагог" кәсіби стандартын ескере отырып әзірленген және білім беру үдерісін ұйымдастыруға арналған құжаттар жүйесін білдіреді.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мамандықтың үлгілік оқу жоспарына, Жоғары білім мамандықтарының жіктеуішіне (магистратура), Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген. Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленген, жұмыс берушілердің үміттерін және білім алушылардың жеке мүдделерін ескереді.

Бағдарлама жоғары оқу орындарында; арнайы білім беру ұйымдарында және инклюзивті білім беруді іске асыратын ұйымдарда; ғылыми-зерттеу даярлық кезінде: ғылыми-зерттеу институттарында, жоғары оқу орындарында талап етілетін білім мен құзыреттілікке ие магистрлерді даярлауға бағытталған.

Бағдарлама модульдік оқыту принципі бойынша әзірленді және жұмыс беруші – әлеуметтік серіктестермен: Алматы қ. ЭЖБЖМ қаржы - экономикалық колледжі, Абай атындағы ҚазҰПУ-мен МФИИ келісілген.

Академиялық ұтқырлық

Анадолу университеті  
(Эскишехир, Түркия)

## **Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетімен (европа университеттері бойынша 15 орында) пайыздық көрсеткішпен 48%, Түркиядағы Анадолу университеті (европа университеттері бойынша 7 орында) пайыздық үлесімен 45% құрайды.

### **1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ**

7M01501-Математика мамандығының түлектері жалпы білім беру мекемелерінде, оқу орындарында және зерттеу орталықтарында, ғылым саласында жұмыс істей алады.

### **1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ**

- ✓ білім беру (педагогикалық);
- ✓ оқу-тәрбие;
- ✓ эксперименталды-зерттеу жұмысы;
- ✓ ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- ✓ математика саласындағы ақпараттық-талдау қызметі.

### **1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**ОН1** – қазіргі заманғы ғылым философиясының өзекті мәселелерін, бағдарлау және сөйлеу коммуникациясының кәсіби негіздерін (тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу) іскерлік хат алмасумен жұмыс істеу дағдысын (хат, электрондық пошта және т.б.) менгерген.

**ОН2** – педагогика және психология ғылымын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, оқыту әдістерін, басқару және меңгеру үрдістерін, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің мәні мен мазмұнын кәсіби қызметте қолданады.

**ОН3** – заманауи ғылыми әдістер мен ғылыми зерттеулердің нәтижелерін статистикалық өңдеу бағдарламаларын қолдана отырып, ғылыми-зерттеу қызметін орындайды.

**ОН4** – рейтингтік журналдарда ғылыми еңбектерді жариялай және ғылыми қоғамдастық алдында баяндама жасай отырып, оқу және ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін жазбаша және ауызша түрде баяндай алады.

**ОН5** – математика және математиканы оқыту әдістемесі бойынша білімді, білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ететін бақылау және бақылау-өлшеу материалдарының нысандары мен әдістерін қолдана отырып, оқу пәндерінің құрылымы мен мазмұнын әзірлейді.

**ОН6** – цифрлық технологияларды қолдана отырып, жеке немесе командалық жұмысты ұйымдастыру арқылы білім беру ресурстарын әзірлейді, офлайн және онлайн оқытуды жобалап жүзеге асырады.

**ОН7** – білім беру процесін ғылыми зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, оқу нәтижелерін бағалаудың түрлі құралдары мен технологиялары арқылы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалайды және оларды жетілдіру жолдарын анықтай алады;

**ОН8** – тұлғаға бағытталған көзқарасты қолданып білім алушыларда математиканы меңгеруге деген өмір бойы тұрақты мотивацияны қалыптастыра алады.

**ОН9** – қарастырылып отырған мәселе бойынша ақпаратты талдайды, оның математикалық моделін жасайды, ғылымның заманауи жетістіктерінің озық тәжірибесін пайдаланады және жиналған параметрлер бойынша жүйелі қорытынды жасайды.

#### **БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы**

	<b>ОН 1</b>	<b>ОН 2</b>	<b>ОН 3</b>	<b>ОН 4</b>	<b>ОН 5</b>	<b>ОН 6</b>	<b>ОН 7</b>	<b>ОН 8</b>	<b>ОН 9</b>
<b>ТА1</b>		+	+	+	+	+	+		+
<b>ТА 2</b>	+	+	+	+				+	
<b>ТА 3</b>	+	+	+	+					+
<b>ТА 4</b>		+	+	+	+	+	+	+	
<b>ТА 5</b>	+	+	+					+	
<b>ТА 6</b>				+	+	+	+	+	+

#### **1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

- 1) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.
- 2) «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.